

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның жеке санаттағы мұқтаж азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы N 24-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 19 сәуірде N 13-5-127 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы N 22-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 24.12.2013 N 22-5 шешімімен (алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі)

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабына сәйкес, аудан мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша монша мен шаштараз қызметтеріне өтініш беру кезінен әр айдың 25 күнінен кешіктірмей ай сайын 400 теңге мөлшерінде; тіс протездерін салу қызметіне тіс протезін салу шот-фактурасы құны мөлшерінде (қымбат металдар, металло-керамикалық протездерден басқа) үш жылда бір рет өтініш беру кезінен әр айдың 25 күнінен кешіктірмей әлеуметтік көмек;

2) белсенді туберкулезбен ауратын азаматтарға қосымша тамақтану үшін өтініш беру кезінен әр айдың 25 күнінен кешіктірмей бір АЕК мөлшерінде ай сайын әлеуметтік көмек;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ мәртебесі Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға берілген жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша теңестірілген басқа санаттағы тұлғаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа»

алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Ардақты ана» атағын алғандарға, сондай-ақ 1 және 2 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталғандарға; Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарына; Кеңес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне; үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы иегерлеріне, 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС апаттың зардаптарын жоюға қатысушыларына, қоныс аудару кезінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшалау және көшіру аймағынан қоныс аударғандардың (өз еркімен кеткендердің) және Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың қатарындағы азаматтарға; I, II, III топтағы мүгедектерге бір рет нақты жолдама құны мөлшерінде санаторлық–курорттық емделуге әлеуметтік көмек өтініш берушінің өтініш берген айының 25 күнінен к е ш і к т і р м е й ;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ мәртебесі Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға; Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға; I, II, III топ мүгедектеріне; «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Ардақты ана» атағын алғандарға, сондай-ақ 1 және 2 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталғандарға; Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарына; Кеңес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне; үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы иегерлеріне; Астана қаласына жылына бір рет өтініш берушінің өтініш берген айының 25 күнінен кешіктірмей экскурсиялық сапар шегуге әлеуметтік көмек.

1 - 1 . А н ы қ т а у :

1) Ұлы Отан соғыс қатысушылары мен мүгедектеріне монша және шаштараз қызметтеріне ай сайынғы әлеуметтік көмек өтініш берілген айдан бастап тағайындалады және өтініш берушінің өліміне байланысты немесе аудан шегінен кетуіне байланысты тоқтатылады. Төлемдер аталған жағдайлар болған айдан кейін келесі айда тоқтатылады;

2) белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға қосымша тамақтану үшін әлеуметтік көмек, аумақтық медициналық мекемесі ұсынған белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтар тізіміне сәйкес оған құқық пайда болғаннан кейін өтінген айдан ағымды айға тағайындалады;

3) тіс протездерін салдыру қызметіне лицензиясы бар медициналық мекемелерге тіс протездеу құны мөлшерінде (қымбат металдар, металло-керамикалық протездерден басқа) аудан бюджетімен қарастырған қ а р а ж а т ш е г і н д е ж а с а л а д ы ;

4) Банктік операциясының түріне сәйкес Қазақстан Республикасы Халық

банкiнiң лицензиясы бар екiншi деңгейлi банктер немесе ұйымдар арқылы жергiлiктi бюджеттен әлеуметтiк төлемдер әлеуметтiк көмек алушының жеке шотына ақша қаражатын аудару жолымен құжаттарды қабылдаған күннен бастап отыз күнтізбелiк күн iшiнде жүзеге асады.

2. Жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтiк көмек тағайындау үшін құжаттардың тізбегі қосымшаға сәйкес қажет. Құжаттарды қарастыру мерзiмi – он бес күнтізбелiк күн iшiнде.

3. 451–007–000 «Жергiлiктi өкiлеттi орган шешiмдерi бойынша жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтiк көмек көрсету» бағдарламасы бойынша осы мақсатта қарастырылған қаражат жылы қаржыландыру шығыстары ауданның жергiлiктi бюджет есебiнен жүзеге асады.

4. Жоғарыда аталған санаттағы азаматтарға әлеуметтiк көмектi тағайындау және төлеудi қамтамасыз ету үшін «Ғабит Мүсiрепов атындағы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтiк бағдарламалар бөлiмi» мемлекеттiк мекемесi ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

5. Осы шешiм бұқаралық ақпарат құралында жарияланған күннен бастап он күнтізбелiк күннен кейiн қолданысқа енгiзiледi және 2011 жылғы 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудандық мәслихаттың
XXIV сессиясының төрағасы*

С. Малаев

Б. Ысқақова

*Аудандық
мәслихат хатшысы*

КЕЛІСІЛДІ:

*«Ғабит Мүсiрепов атындағы ауданның
жұмыспен қамту және әлеуметтiк
бағдарламалар бөлiмi» мемлекеттiк*

мекемесiнiң бастығы:

Н. Барақаев

*«Ғабит Мүсiрепов атындағы
ауданның жеке санаттағы мұқтаж
азаматтарына әлеуметтiк көмек
көрсету туралы» аудан мәслихатының
2011 жылғы 28 наурыздағы
№ 24 -2 шешiмiне қосымша*

Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтiк көмек тағайындау үшін қажет құжаттардың тізбегі

- 1) нұсқа бойынша өтiнiш;
- 2) жеке бас куәлiгiнiң көшiрмесi;
- 3) мүгедектiк, Ұлы Отан соғысына қатысушы, не болмаса оларға

теңестірілгені туралы куәліктің көшірмесі;

4) өтініш берушінің жеке шотының көшірмесі;

5) мекен-жайын анықтайтын құжат көшірмесі;

6) белсенді туберкулезбен ауыратындарды қосымша тамақтандыру арқылы әлеуметтік көмек көрсетілетін, белсенді туберкулез тобында диспансерлік есепте тұрғаны туралы аумақтың медициналық мекемеден анықтама;

7) тіс протезі және санаторлық-курорттық емдеу арқылы көрсетілген әлеуметтік көмекке қажет қаражат туралы медициналық ұйымнан шот-фактура;

8) санаторлық-курорттық емнің қажеттілігі туралы санаторлық-курорттық к а р т а ;

9) мемлекеттік жәрдемақы алуы туралы мемлекеттік зейнетақы төлеу о р т а л ы ғ ы н а н а н ы қ т а м а .

Тексерілгеннен соң құжаттардың түпнұсқасы өтініш берушіге қабылданған күні қайтарылып беріледі көшірмелері куәландырылғаннан кейін іс құжаттарына тіркеледі.